

- 12 Mukhina, V.S. Developmental psychology: phenomenology of development, childhood, adolescence. Moscow, 2002. P.456.
- 13 Trabasso T., Paul van den Broek, So Young Suh. Discourse processes 12 «Logical necessity and transitivity of causal relations in stories». – P.1 – 25.
- 14 Barbosa P., Nicoladis E., Keith M. Journal of child language: Bilingual children's lexical strategies in a narrative task. – 2016. – P.11
- 15 Bialystok E. Bilingualism in development: Language, literacy, and cognition // Cambridge: Cambridge University Press. – 2001.

Received: 28.12.2025

FTAMP 16.21.49

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp39-53](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp39-53)

М.С. Алшынбекова¹, Б. Жылқыбекұлы², Төкенқызы Гүлназ³

¹Астана Халықаралық университеті жанындағы Пекин тіл және мәдениет университеті BLCU Kazakhstan филиалы

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

³Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «АҚ», «ҚАРА» ТҮСТЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Тіл – ұлт мәдениетінің айнасы, ол сол халықтың рухани дүниесін, болмысын және мәдени мазмұнын бейнелейді. Ұлттың тілі арқылы адамдар оның әдет-ғұрпын, өмір салтын, ойлау ерекшеліктерін және басқа да мәдени құндылықтарын тереңірек тани алады.

Тіл – мәдениеттің ажырамас бөлігі әрі мәдени ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін негізгі құрал. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологизмдер белгілі бір ұлттың мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Фразеологизмдер – ұлттық колоритке ие мәдениеттің өнімі. Олардың қалыптасу үдерісіне ұлттық рух, гуманистік құндылықтар және тілдік ерекшеліктер тікелей әсер етеді.

Түр-түс атаулары да ұлт мәдениетін танытатын маңызды құралдардың бірі болып табылады. Олар ата-бабаларымыздың мифтік таным-түсінігімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Көп жағдайда түр-түс атаулары ауыспалы мағынада қолданылады, мұны көркем мәтіндерден, фразеологизмдерден, мақал-мәтелдерден айқын байқауға болады.

Түр-түс атаулары қазақ және қытай тілдерінің байлығын, көркемдік мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Сондықтан қазіргі тіл білімінде түр-түс атауларының қолданысын және олардың лингвомәдени аспектісін зерттеу өзектілігін әлі де жойған жоқ.

Бұл мақалада зерттеу тақырыбының теориялық мәні, аталмыш тақырып бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде зерттеудің мақсат, міндеттері айқындалды. Қазақ халқы мен қытай халқының түр-түс символикасы салыстырылып, нақтылап айтқанда, екі халық түстерінің айырмашылықтары, ұқсастықтары, ерекшеліктері мен қасиеттері талқыланған. Сондай-ақ, құрамында «ақ», «қара» түс компоненттері бар қазақ, қытай тілдерінің фразеологиялық бірліктері жинақталып, фразеосемантикалық топтарға жіктеліп, толық эквивалент фразеологизмдер, жартылай эквивалент фразеологизмдер топтастырылды. Зерттеу материалын жинақтау барысында барлығы 177 фразеологиялық бірлік іріктеліп алынды. Қытай тіліндегі «ақ» және «қара» лексемалары қатысқан фразеологизмдер Дүкен Мәсімханұлы мен А. Абиденқызының «Қытайша-қазақша үлкен сөздігінен», сондай-ақ Н. Абдурақынның «Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігінен», Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара»

лексемалары қатысқан фразеологизмдер Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» іріктелді.

Кілт сөздер: фразеологизмдер, ақ түс, қара түс, лингвомәдениеттану, дүниетаным.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Өркениеттің тарихи даму үдерісінде тіл адамзат қоғамымен өзара тығыз байланыста дамып, оның қоғамдық маңызы біртіндеп артты. Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін негізгі құрал ғана емес, сонымен қатар мәдени мазмұнды, ұлттық дүниетанымды және тарихи тәжірибені бейнелейтін күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік бірліктерде халықтың рухани құндылықтары мен мәдени ерекшеліктері көрініс табады.

Қазақ тілі – қазақ мәдениетінің көрінісі. Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы табиғат пен қоғамды түсіну үдерісінде қалыптастырған мәдениеті материалдық және рухани мәдениеттен тұрады. Рухани мәдениетке идеология және оның қызметі мен жетістіктері, соның ішінде білім, наным-сенімдер, өнер, заңдар, мораль, әдет-ғұрыптар, сондай-ақ қоғам мүшесі ретінде қалыптасқан қабілеттер мен әдеттер жатады. Мұның барлығы қазақ тілінде кеңінен әрі терең көрініс тапқан.

Қазақ фразеологизмдері қазақ халқы мәдениетінің ең бай әрі мәнді көріністерінің бірі болып табылады.

Тіл мәдениеттің маңызды тасымалдаушысы ретінде халықтың құндылықтарын, менталитетін және дүниетанымын айқындайды. Түстерге қатысты фразеологизмдер халықтың дүниетанымы мен мәдени санасында қалыптасқан символдық мәндерді бейнелейді. Мұндай фразеологизмдер халықтың әлемді қабылдау ерекшелігін, түстерге қатысты символдық түсініктерін және мәдени ассоциацияларын көрсетеді.

Түске байланысты идиомаларды зерттеу белгілі бір мәдениетте түстердің қандай эмоциялық, бағалаушылық және символдық мәнге ие екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде әртүрлі халықтардың дүниетанымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра отырып қарастыруға жол ашады.

Қытай тіліндегі түске байланысты идиомалар тек экспрессивтік қызмет атқарып қана қоймай, терең мәдени мазмұнға да ие. Олар көбінесе көне жазба деректерден, тарихи оқиғалардан және мифологиялық түсініктерден бастау алады, сол арқылы қытай халқының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын айқын көрсетеді.

КІРІСПЕ

Тіл мен мәдениет қатар жүреді, өзара әрекеттеседі және бір-бірімен өте тығыз байланысты. Фразеологизмдерде мәдениеттің орасан зор ықпалы бар. Фразеологизмдер қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі және қазақ тілі мен әдебиетінің жарқын інжу маржаны.

Тіл мен мәдениет өте тығыз байланысты. 1920 жылдардың өзінде-ақ, американдық лингвист Эдвард Сепир өзінің *Language: An Introduction to the Study of Speech* атты еңбегінде тілдің мәдениетпен тығыз байланыста екенін атап өтіп, «тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді» деп жазады [1].

Сонымен қатар, лингвист Фрэнк Роберт Палмер *An Introduction to Modern Linguistics* еңбегінде тіл тарихы мен мәдениет тарихының бір-бірін толықтыратынын және оларды ажыратып қарастыру мүмкін еместігін атап көрсетеді [2, 195].

Лингвистикада фразеологизмдер мәдени ерекшелікке ие, бейнелі мағынасы тұрақты символдық бірліктер ретінде сипатталады. Брюс Фрейзер (1970) мен Рэймонд Уильям Гиббс (1994) еңбектерінде идиомалардың сөзбе-сөз түсіндірілуі мүмкін еместігі көрсетіліп, олардың мағынасы мәдени контекст негізінде қалыптасатынын және белгілі бір этностың дүниетанымын бейнелейтіні атап өтіледі [3, 4].

Ю Нин өз еңбегінде идиомалардың әлемнің эмоционалды бейнесін қалыптастырудағы рөлін кеңейтіп, олардың қазіргі сөйлеу тілінде және халық мәдениетінде өзектілігін атап көрсетеді. Бұл зерттеулер идиомалардың қытай қоғамында эмоцияларды білдірудің сұранысқа ие құралы болып қалатынын, жаһандану мен басқа тілдерден енген сөздердің әсеріне қарамастан сақталатынын көрсетеді [5].

Идиомалар (成语 chéngyǔ) — тұрақты тіркестердің бір түрі. Тұрақты тіркестер — құрылымы өзгермейтін, халық арасында кеңінен қолданылып, қалыптасқан сөз тіркестері. Бұл тіркестер тек құрылымдық тұрақтылыққа ие болып қана қоймай. Олар сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен тарихи мәнге бай және ауызекі тілде кеңінен қолданылып, күнделікті өмірде жиі кездеседі.

Сөздіктерде берілген анықтамаларға сүйенсек, идиомалар көпдеңгейлі мағынаға ие, олардың құрылымы тұрақты, сөздердің реті кез келген тәртіпте өзгертілмейді, және олар көбінесе тарихи немесе әдеби деректерге сүйенген.

Фразеологизмдер лексиканың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қазақ ұлтының ең бай мәдени ерекшелігін көрсетеді. Фразеологизмдерде қазақ халқының ой, тарих, фольклор, өнер және басқа да аспектілерді түсінуге болатын құнды мәдени байлық бар.

Фразеологизмдердің мағынасын түсіну үшін әуелі фразеологизмдерде түр-түс атауларының қандай мағына білдіретінін айқындау маңызды. Әр елдің қасиетті және ерекше мағына беретін түстері бар. **Түстердің символдық мәні** ұлттық таныммен тығыз байланысты. Екі халықтың тілдік және мәдени жүйесіндегі айырмашылықтарға байланысты түстердің мағыналық қабылдануы әртүрлі сипатта көрінеді.

Қазақ, қытай фразеологизмдеріндегі түр-түс компонентінің лингвомәдени ерекшеліктері – салғастырмалы тіл білімінде ең өзекті мәселелердің бірі. Тілдерді салғастыра зерттеу әр тілдің ұлттық ерекшелігін, бірегей қасиетін танып білуге жол ашады. Лингвистикада, әсіресе когнитивтік лингвистикада түр-түс атаулары халықтың өмірлік тәжірибесін, рухани болмысындағы ерекшеліктерді танытады.

Мақалада **түр-түске байланысты фразеологизмдердің** мәдени-лингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Фразеологизмдерді түр-түс атауларының семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыруға, сондай-ақ олардың қалыптасуы мен интерпретациясына әсер ететін мәдени шындықтарға ерекше назар аударылады. Қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ», «қара» түс компоненттері бар фразеологиялық бірліктерге лингвомәдени талдау жасалады. Түс символикасын қамтитын фразеологиялық бірліктердің бейнелілігі мен экспрессивтілігі қазақ және қытай халықтарының рухани әрі материалдық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Қазіргі таңда қазақ халқының дүниетанымын өзге халықтардың мәдени-танымдық жүйесімен салыстыра зерттеу лингвистика ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аталмыш зерттеудің негізгі мақсаты – «ақ», «қара» түс компоненттері бар фразеологиялық бірліктердің қазақ, қытай мәдениетінде қолдану ерекшеліктерін зерттеп, лингвомәдени аспектілерін ашу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- зерттеу тақырыбының теориялық мәнін ашу;
- отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін басшылыққа ала отырып, қазақ, қытай фразеологизмдеріндегі түс символикасының қалай көрініс тапқандығын айқындау, олардың ұлттық болмысты танытудағы рөлін көрсету;
- «ақ», «қара» түс компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді іріктеп, жинақтау;
- екі түрлі лингвомәдениеттер әлемінің тілдік бейнесіндегі универсалды және ұлттық мәдениетті анықтау.
- қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ», «қара» түс компоненттері бар фразеологизмдердің **мағыналық және лингвомәдени ерекшеліктерін айқындап, тұжырым жасау.**

Түр-түс компоненттері бар фразеологиялық бірліктер лингвистикалық тұлғаның ерекшеліктерін және әлемнің тілдік бейнесін айқындайды, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынас үшін маңызды болып табылады. Бұл зерттеудің нәтижелері түр-түс компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді орынды пайдалануға, қазақ-қытай мәдениетаралық қарым-қатынасының сапасын арттыруға және түр-түс арқылы берілетін мәдени мағыналарды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, аударма мен мәдениетаралық қарым-қатынаста туындауы мүмкін түсінбеушіліктердің алдын алуға көмектеседі. Сондықтан зерттеу нәтижелерінің аударма тәжірибесінде де, қазақ және қытай тілдерін екінші шет тілі ретінде оқыту үдерісінде де практикалық маңыздылығы бар.

Түстер немесе түстік семантика лексикасы бастапқыда абстрактілі көрнекі сезімдерді нақты заттарды сипаттау арқылы жеткізудің құралы ретінде қалыптасқан. Уақыт өте келе, әртүрлі әлеуметтік, этникалық және тарихи мәдени факторлардың ықпалымен олар әртүрлі когнитивтік және символдық үлгілерге ие болып, қарапайым объективті сипаттаудан субъективті эмоционалдық реңкке айналған.

Ғалымдар негізгі түсті сөздерді жіктеудің әртүрлі тәсілдерін ұсынады, бірақ жалпы алғанда олар алты негізгі түсті қамтиды: қызыл, сары, жасыл, көк, ақ және қара [6;3].

Түс атауы бар идиомалар деп құрамында түс атауы кездесетін тұрақты тіркестерді айтамыз. Түс атаулы идиомалар шамамен жеті түске бөлінеді: қызыл, жасыл, сары, көк, күлгін, қара, сұр және ақ. Әдетте олар төрт иероглифтен тұратын идиомалар болып келеді және түс атауларының тура (нақты) және ауыспалы (дерексіз) мағыналарының айырмашылығына ие. Тура мағынада олар белгілі бір заттың объективті түрде көрінетін нақты түсін білдіреді, ал ауыспалы мағынасы тура мағынадан туындап, тарихи дамудың ұзақ үдерісі барысында өзгеріске ұшырап, абстрактілі мәнге ие болады [6;4].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу материалы қазақ және қытай тілдерінің корпустары мен фразеологиялық сөздіктерінен мақсатты іріктеу әдісі арқылы алынды. Іріктеу келесі принциптерге негізделді:

- (1) құрамында «ақ», «қара» (白, 黑) түс атауларының болуы;
- (2) тұрақты фразеологиялық құрылымға ие болуы;
- (3) тұтас идиомалық мағына беруі;
- (4) тілдік жүйеде орныққан және жиі қолданылатын бірліктердің қамтылуы.

Контекстік деректер көркем әдебиет, публицистикалық мәтіндер және қазақ және қытай тілдерінің корпустық материалдары негізінде жиналды. Әрбір фразеологиялық бірлік бірнеше контексте қарастырылып, оның мағыналық тұрақтылығы мен қолданыс ерекшеліктері нақтыланды. Бұл тәсіл зерттеу материалының репрезентативтілігін қамтамасыз етті.

Жалпы 177 фразеологиялық бірлік іріктелді, оның ішінде қазақ тілінде – 95, қытай тілінде – 82 бірлік. Іріктелген материалға сапалық және сандық талдау жүргізілді.

Фразеосемантикалық жіктеу фразеологиялық бірліктердің мағыналық мазмұнын қолмен талдау негізінде жүзеге асырылды. Әрбір бірлік жеке қарастырылып, оның семантикалық ерекшеліктеріне сәйкес тиісті фразеосемантикалық топқа жатқызылды. Нәтижесінде қазақ тілінде 8, қытай тілінде 7 фразеосемантикалық топ анықталды.

Ең жиі кездесетін семантикалық өрістер бойынша пайыздық көрсеткіштер абсолюттік жиілік деректері негізінде есептелді. Алдымен әр тілдегі фразеологизмдердің жалпы саны анықталды: қазақ тілінде – 69 бірлік, қытай тілінде – 70 бірлік.

Пайыздық үлес әр семантикалық топтағы фразеологизмдер санының жалпы фразеологизмдер санына қатынасы негізінде есептелді. Пайыздық көрсеткіш төмендегі формула бойынша анықталды:

$$P = \frac{n}{N} * 100\%$$

мұндағы:

P – пайыздық үлес;

n – белгілі бір семантикалық топтағы фразеологизмдер саны;

N – жалпы фразеологизмдер саны.

Осы формула негізінде әр семантикалық топтың пайыздық үлесі анықталды.

Нәтижесінде қазақ тілінде адамның мінезін сипаттайтын фразеологизмдер 30,43 %, түр-әлпетке қатысты – 13,04 %, тілек-бата мәніндегі – 20,29 %, өлімге қатысты – 17,39 %, қарғыс мәніндегі – 18,84 % құрайды. Қытай тілінде сәйкесінше адамның мінезін сипаттайтын фразеологизмдер 21,43 %, түр-әлпетке қатысты – 17,14 %, тілек-бата мәніндегі – 15,71 %, өлімге қатысты – 31,43 %, қарғыс мәніндегі – 14,29 % құрайды.

Салыстырмалы талдау қазақ және қытай тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді салғастыру негізінде жүргізіліп, ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеуде семантикалық, этимологиялық, концептуалдық және лингвомәдени талдау әдістері кешенді түрде қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Тілдің ерекшеліктерін ескере отырып, тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланыста қатар қалыптасып, бір-біріне тәуелді жүйелер екені туралы қорытынды жасауға болады. Олар бір-бірінен ажырамайтын тұтас құбылыстар ретінде қарастырылады.

Қолданыстағы зерттеулерді талдау көрсеткендей, қытай тіліндегі **түр-түс компоненттері бар идиомалар** бай мәдени семантикаға және метафоралық құрылымға ие. Бұл идиомалар ұлттық мәдениет пен когнитивтік ерекшеліктерді бейнелеп, тілдік бірліктердің тек сөздік мәнінен тыс, мәдени контекст арқылы ғана толық түсінілетінін көрсетеді. Дегенмен, қазіргі заманғы зерттеулер электрондық лексикографиялық ресурстарды пайдаланып тереңірек талдау жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

Қазақ, қытай фразеологизмдерінің ұлттық ерекшеліктерін танытатын түр-түс концептілері әр ұлтта әртүрлі қабылданады. Кез келген ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке ие.

Түр-түстердің символдық мәні бар. Ол символдық мән әр халықта әртүрлі. Мәдениеттегі түр-түс арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоционалдық қалпын, адамгершілік түсініктерін, ырымдарын, наным сенімдерін білдірген.

Қазақ тілі білімінде түр-түс мәселесін жан-жақты, тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін аша отырып зерттеген ғалымдар аз емес.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларының семантикалық ерекшеліктерін алғаш рет жүйелі түрде зерттеген ғалым — Александр Николаевич Кононов. Ғалымның бұл мәселеге арналған «Семантика цветообозначений в тюркских языках» атты зерттеуінде түркі тілдеріндегі түс атауларының мағыналық өрісі жан-жақты талданған [7]. Сондай-ақ, оның «О семантике слов ак и кара в тюркской географической терминологии» атты еңбегінде «ақ» және «қара» лексемаларының географиялық терминологиядағы семантикалық қызметі арнайы қарастырылады [8].

Осы зерттеулерге сүйене отырып, түр-түс атауларының фразеологиялық жүйедегі қызметі тек номинативтік қана емес, сонымен қатар мәдени-танымдық және бағалауыштық сипатқа ие екені байқалады.

Нұрлыхан Аитова «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік сипаты» атты зерттеуінде түр-түс атауларын кешенді талдап, олардың когнитивтік ерекшеліктерін сипаттап, концептуалдық мәнін ашуды мақсат етті [9].

Шолпан Жарқынбекованың докторлық диссертациясында қазақ және орыс тілдерінің түр-түс концептілері когнитивтік және лингвистикалық мәдениеттану парадигмаларын біріктіретін дүниенің ұлттық бейнесін тілдік ретте іске асыру мәселесі шеңберінде талданды және әр этноста орын алған когнитивтік механизмдер мен лингвомәдениеттану факторлары тұрғысынан түр-түс концептілерінің қалыптасу ерекшелігі айқындалған [10].

Қытай тілінде түр-түс компоненті бар фразеологизмдер мәдени және тілдік ерекшелігі жағынан маңызды рөл атқарады. Қытай лингвистері идиомалардағы символикалық және

семантикалық ерекшеліктерді қарастырған. Нью Юифэн өзінің диссертациясында түс компоненті бар идиомалардың семантикасын қарастырып, олардың ағылшын тіліндегі баламаларын салыстыра зерттеген [11].

«Ақ» – күллі игі, жақсы қасиеттердің символы болса, қара түс – жамандық біткенді білдіреді. Осы екі түстің символдық мағынасы халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Ақ түс әділдіктің, пәктіктің, тазалықтың символы екендігі бәрімізге белгілі.

«Ақ» сөзіне байланысты: «ақ жарқын», «ақ жүрек», «ақ көңіл», «ақ иық», «ақ тілеу» және т.б. «Қара» сөзіне байланысты: «қара жамылды», «қара қағаз», «қаралы ат», «қаралы ер-тұрман», «қаралы болды» және т.б.

Қара — ақ түсінің антиподы болып табылады. Оптикалық тұрғыдан қара мен ақ арасындағы контраст ең күшті; сондай-ақ осы екі түстің символикалық мәндері де қарама-қайшылықты білдіреді. Ақ пен қара дуалдық символдарға жатады және, Харольд Эдвард Керлот атап өткендей, барлық дуалдық формулалар сияқты олар «Егіздер» туралы ұлы мифпен тікелей байланысты. Дуалдық жұп мүшелері (адамдар, жануарлар, өсімдіктер және т.б.) қарама-қарсы түспен бейнеленіп, бұл екі әлем арасындағы қарама-қайшылықты көрсетеді [12, 5].

Осыған сәйкес, «қара» түсі тек қарама-қарсы түсті білдірмей, мәдени және мифологиялық деңгейде қарама-қарсылықтың символы ретінде қарастырылады.

Түр-түс компоненті бар фразеологизмдер қоғамның мәдени кодын бейнелеп, тіл иелерінің дүниетанымы мен танымдық ерекшеліктерін көрсетеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Ұлттық болмысты танытатын тіл білімінің танымдық бағыттағы салалары қалыптасып, дамып келе жатқан бүгінгі таңда қазақ және қытай тілдеріндегі әлемнің тілдік бейнесін ашып, талдаудың мәні зор. Қазақ және қытай тіліндегі түр-түс символикасы бар фразеологизмдер ұлт болмысын танытушы бірліктер ретінде әрекет етеді.

Түр-түс атауларына байланысты фразеологиялық бірліктер ассоциациялық уәждемелік белгісі тұрғысынан 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Түр-түс атауларына байланысты фразеологиялық бірліктердің ассоциациялық уәждемелік белгілері

Түр-түс атауы	Жағымды реңі	Ассоциациялық белгісі	Жағымсыз реңі	Ассоциациялық белгісі
Ақ	Ақ бата	Тілек, ниет, жақсы сөз	Ақ көз	Надан, оқымаған адам
	Ақ дидар	Ақ құба өң, сұлу келбет	Ақ өлім	Күтпеген қаза
	Ақша маңдай	Әдемі, сұлу қыз	Ақ табан	Кедей
	Ақ жол	Ақиқат, әділ, адал жол	Ақтық сөз	Соңғы тілек
Қара	Қара көз	Сұлу қыз, жас әйел	Қара бет (жүз)	Ұятсыз, арсыз, бетпақ адам
	Қара өлең	Өлең, жыр	Қара жау	Қас дұшпан
	Қара сөз	Шешендік сөз	Қара бауыр	Қайырымсыз, қатыгез адам
	Қара қазан	Молшылық, тоқшылық	Қара жүрек	Рақымы жоқ адам
	Қара шаңырақ	Үлкен үй, ата-ана ошағы	Қара табан	Кедей, жарлы
白 (bái)	白璧无瑕 (bái bì wú xiá)	Кіршіксіз адам	白发千丈 (bái fà qiān zhàng)	Қайғыдан қартаю

	清 清 白 白 (qīng qīng bái bái)	Жүрегі таза адам	白 脸 曹 操 (bái liǎn Cáo Cāo)	Екі жүзді адам
	齿 白 唇 红 (chǐ bái chún hóng)	Әдемі қыз (ақ тіс, қызыл ерін)	白 日 做 梦 (bái rì zuò mèng)	Бос армандау
	白 头 偕 老 (bái tóu xié lǎo)	Өмір бойы тату-тәтті өмір сүру	说 白 道 绿 (shuō bái dào lǜ)	Бос сөйлеу, өсек
黑 (hēi)	黑 白 分 明 (hēi bái fēn míng)	Жақсы мен жаманды айыру	黑 道 日 子 (hēi dào rì zi)	Қолайсыз, бақытсыз күн
			黑 更 半 夜 (hēi gēng bàn yè)	Қара түнек

Кесте [13, 14, 15] дереккөздер негізінде құрылды.

Жоғарыдағы берілген 1- кестеде «ақ», «қара» түс атаулары бар фразеологизмдердің ассоциациялық уәждемесінің жағымды және жағымсыз реңі көрсетілді. Қытай мәдениетін қазақ халқымен салыстырғанда үлкен айырмашылық бар. Түр-түстердің символдық белгісіне тоқталсақ, «ақ» түс – қазақ халқында тазалықтың, нәзіктіктің, пәктіктің түсі ретінде қабылданады. Мысалы: ақ дида, ақша маңдай. Қытайлықтарда «ақ» түс өлімнің түсін білдіреді. Ежелгі қытайлықтар өлгендерді жоқтаған кезде ақ киім мен ақ қалпақ киген. Қытайлық әйелдер отбасында біреу қайтыс болған кезде шаштарына ақ зергерлік бұйымдар тағады. Қытайдың саяси өмірінде ақ түс артта қалушылық пен сыбайлас жемқорлықты білдіреді.

Қытайдың тарихи жолында түс символикасы қоғамда болып жатқан процестердің әсерінен өзгерістерге ұшырады. Осыған байланысты белгілі бір лингвомәдени қоғамдастық өкілдерінің жадында қазіргі заманғы мағыналар да, бастапқы мағыналардың жаңғырығы да бар. Қытай тілінің бірқатар фразеологиялық бірліктерінің мысалында әртүрлі мәдениеттердің табиғи әсерін «ақ» сын есімінен алынған мағыналардың көрінісінен байқауға болады. Шығыс пен Батыс қарым-қатынасының жақсара бастауына, Қытайға батыс мәдениеті құндылықтарының әсеріне байланысты уақыт өте келе қытай қоғамында ақ түске деген көзқарас біршама өзгерді. Нәтижесінде жаңа фразеологизмдер, батыс фразеологизмдерінің баламасы, кірме бейнелі өрнектер пайда болды.

Ақ түс қытай дәстүрлі мәдениетінде кейде素色 (sù sè) деп аталып, бастапқыда **көркемделмеген, табиғи түс** дегенді білдірген. Қытай философиясында, әсіресе Тайцзи (太極, Tàijí) символикасында, ақ түс жиі қара түспен қатар қолданылып, **инь мен янның екі полюсін** бейнелейді және бұл әлемнің үздіксіз дамуы мен тіршілігін білдіреді.

Егер Батыста ақ түс көбіне тазалық пен кінәсіздіктің символы болса, Қытайдың ежелгі мәдениетінде ол кейде **зіл-зарар немесе төмендетуші мәнге** ие болған. Чжан Хун (張紅, 2005) атап өткендей, ежелгі заманда ақ түс көбінесе **лақапсыздар немесе атағы жоқ адамдардың киімі** ретінде қолданылған, оны жиі «白丁 (báidīng)», «白衣 (báiyī)» немесе «白身 (báishēn)» деп атаған.

Ақ түс түс психологиясында **тазалықты, қасиеттілікті және кінәсізділікті** білдіреді және қытай дәстүріндегі бес негізгі түстің бірі болып саналады. Шынайы түсті сөздер бар идиомаларда ақ түс жиі **бұлттарды, толқындарды, шашты, тістерді** және басқа да нысандарды сипаттау үшін қолданылады [6,11-12].

Ақ түстің қолданылу мәні объектіге байланысты әртүрлі интерпретацияланады. Мысалы, бұлттар арқылы бейнеленген ақ түс көбіне әлемдегі оқиғалардың тұрақсыздығын және өзгергіштігін білдіреді. Ал шаш арқылы бейнеленген ақ түс әдетте қарттықты көрсетеді және жас ерекшелігін айқындау үшін қолданылады, мысалы, «黃童白叟 (huáng tóng bái sǒu)» – «кішкентай балалар мен қарттар». Сонымен қатар ақ түс кейде жасы егде болса да өмірлік сергектік пен рухани тазалықты білдіреді, мысалы, «白髮朱顏 (bái fà zhū yán)» – «ақ шаш, бірақ қызыл жүз» [6, 35].

Қытай тілінде «白 (bái)» иероглифі фразеологиялық бірліктер құрамында көбінесе «босқа кету», «нәтижесіз», «пайдасыз» деген ауыспалы мағыналарды білдіреді. Бұл мағыналар негізінен етістік негізді тіркестерде және теріс бағалау реңкі бар контексттерде кездеседі. Мысалы, «白跑一趟 (bái pǎo yí tàng)» – нәтижесіз сапар жасау, босқа бару; «白吃饭 (bái chī fàn)» – еңбексіз күн көру, жұмыс істемей пайда табу; «白说了 (bái shuō le)» – айтылған сөздің зая кетуі, ескерусіз қалуы.

Сонымен қатар «白» компоненті кейбір тіркестерде еңбексіз пайда табу, масылдық, біреудің есебінен өмір сүру сияқты теріс әлеуметтік бағалауды білдіреді. Мысалы, «白食 (bái shí)» – тегін ас, ақысыз тамақ; «吃白食 (chī bái shí)» – біреудің есебінен өмір сүру, еңбексіз тамақтану. Осылайша «白» иероглифі қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктерде тек түстік мағынада ғана емес, сонымен қатар нәтижесіздік пен теріс әлеуметтік бағалау коннотацияларын білдіретін семантикалық компонент ретінде қолданылады [11, 209].

Бастапқыда «ақ» түс кейбір контексттерде теріс мәнге ие болса, қазіргі қытай мәдениетінде ол талғампаздық, тектілік, адалдық және пәктік ұғымдарымен байланыстырылады. Мұны келесі фразеологизмдерден байқауға болады: «白璧无瑕 (bái bì wú xiá)» – «кіршіксіз адам»; «云中白鹤 (yún zhōng bái hè)» – «таза, асыл адам»; «齿白唇红 (chǐ bái chún hóng)» – «әдемі, келбетті адам». Осыған байланысты қазіргі қытай мәдениетінде ақ түстің символикалық мағынасы кеңейіп, эстетикалық және позитивті мәнге ие болған.

Сонымен қатар қытай халқының дүниетанымында ақ түс кейбір жағдайларда түссіздік, белгісіздік, бос әурешілік, алдау және қартаю ұғымдарын да білдіреді. Мысалы, «白日做梦 (bái rì zuò mèng)» – «бос қиялға берілу»; «说白道绿 (shuō bái dào lǜ)» – «өсек айту, бос сөйлеу»; «白发千丈 (bái fà qiān zhàng)» – «қайғыдан немесе уайымнан шаштың ағаруы».

Қытай тілінде «黑(hēi)» «қара» сөзі жағымсыз мағынада қолданылады, алайда қара түс қытай мәдениетінде ежелгі кезде жағымды мағына білдірген. Ежелгі Қытай мәдениетінде «қара» адалдық, турашылдық, қайсарлық, байыптылық, әділдіктің символы болған.

Сондай-ақ «жақсы–жаман», «жалған–ақиқат» сияқты қарама-қарсылық мәндерді білдіру үшін қазақ және қытай тілдеріндегі фразеологизмдерде «ақ» және «қара» түстері антонимдік жұп ретінде қолданылады. Мұны төмендегі мысалдардан байқауға болады: қыт. «知白守黑 (zhī bái shǒu hēi)» – «ақты білу, бірақ көрсетпеу» (ауыспалы мағынасы: шындықты жалғаннан ажырата білу); қаз. «ақты-қарасын ашты» – (ауыспалы мағынасы: дұрыс пен бұрысты ажыратты, мән-жайды анықтады). Бұл құбылыс семантикалық универсалийлердің туыс емес тілдерде де кездесетінін көрсетеді.

Ежелгі дәуірдегі судың салқын ылғалдырғыш қасиетіне негізделіп судың символы болған қара түсті құрметтеген. Чин Шы Хуаң патша «суға», яғни судың қасиетіне тән» деп, қара түсті құрметтеген.

Ерте заманда қытай халқында жазаның бес ауыр қинау түрі болған, соның ішінде бір түрі қинау жазасы **模型 (mó xíng) (бояу жазасы)** — бетіне «қара таңба салу жазасы» деп аталған; қылмыскердің маңдайына немесе бетіне инемен сурет салып, қара бояу жағады. Бұл «қорлық таңбасы» деп есептелген. Осыдан шығатын қорытынды ретінде, қазіргі қытай тіліндегі көп қолданылатын **抹黑 (mǒ hēi) (жала жабу, масқаралау)** тіркесі құрамындағы **黑 (hēi) (қара, масқаралау)** сөзі осындай мәнге ие. Чжоу және Цинь әулеттері кезінде тұтқындардың бетіне немесе маңдайына сурет салынып, оны сиямен бояған; бұл арқылы олардың жүзінен «ұят» пен абыройсыздық ешқашан өшпейді деп есептелген. Сондықтан қара түс кейде абыройсыздықты білдіретін символ болып саналады.

Қытай ұлтының мәдени мұрасы болып есептелетін Пекин операсында қара түсті грим қолданады. Қара грим кейіпкердің адалдық, тұрақтылық және қарапайымдық сияқты мінез-құлық ерекшеліктерін білдіреді. Қара түс әділдікті бейнелейді. Мысалы қытай фольклорындағы Бао Гун, Чжан Фэй, Ли Куй сияқты кейіпкерлер Пекин операсында қара гриммен көрсетіледі [11, 205].

2-кестеде қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ» және «қара» түс компонентті фразеологизмдердің толық эквиваленттілік дәрежесі көрсетілген.

2-кесте – Қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ», «қара» түс компонентті фразеологизмдердің толық эквиваленттілік дәрежесі

№	Фразеологизмдер	Толық эквивалентті фразеологизмдер
1	知白守黑(тура мағ.ақты білу, бірақ көрсетпеу, ауысп.мағ.шындықты жалғаннан ажырата білу)	ақ-қарасын ашты (ауысп.мағ. дұрыс-бұрыстығына көзі жетті)
2	白发苍髯(тура мағ.ақ шаш, сұр сақал, ауысп.мағ.кәрі)	ақ сақал, қара сақал (ауысп.үлкен-кіші, кәрі жас)
3	云中白鹤(тура мағ. аспандағы ақ тырна, ауысп. мағ. кіршіксіз таза адам)	ақ жүрек (ауысп. мағ. адал көңіл, белсенді адал көрінгісі келетін жан)
4	昏天黑地(тура мағ.қараңғы аспан және қара жер, ауысп. мағ. қараңғылық, түнек)	қара түнек (ауысп. мағ. көзге еш нәрсе көрінбейтін, қап-қара, көзге түртсе көргісіз қараңғы.)
5	颠倒黑白 (diān dǎo hēi bái)	ақты қара қылу (ауысп. мағ. ақиқатты бұрмалау, шындықты теріс көрсету)

Кесте [13, 14, 15] дереккөздер негізінде құрылды.

3-кесте – Қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ» және «қара» түс компонентті фразеологизмдердің жартылай эквиваленттілік дәрежесі


№	Фразеологизмдер	Жартылай эквивалентті фразеологизмдер
1	白头偕老(тура мағ. шашы ағарғанша бірге өмір сүру, бірге қартаю ауысп.мағ. өмір бойы айырылмай тату-тәтті ғұмыр кешу)	ақ сақалды, сары тісті бол! (ауысп. мағ.алғыс. көп жаса.)
2	白发千丈 – (тура мағ.ақ шашты, ауысп.мағ. қайғыдан шашы ағару)	шаш ағарды (ауысп. мағ. қартайды, қажыды)
3	月黑风高(ай көрінбейтін қараңғы түн, желі қатты соққан мезгіл, ауысп.мағ. қауіпті, үрейлі жағдай, жаман іс-әрекет жасауға қолайлы уақыт)	қара жел (ауысп. мағ. жауын-шашынсыз азынап соққан жел)
4	白璧无瑕(тура мағ. ақ асыл таста (нефритте) ешбір міннің болмауы, ауысп. мағ. мінсіз, кіршіксіз, адал адам)	ақ жүрек (ауысп. мағ. адал, таза ниетті, пәк көңілді адам)
5	清白无辜(тура мағ. таза, кінәсіз, еш кінәсы жоқ, ауысп.мағ. адам немесе заттың кінәсіз, айыпсыз, толық әділ екенін сипаттау)	ақ бейіл (көңіл, ниет) (ауысп. мағ. таза, адал ойдағы адам, арамдығы, күдігі жоқ көңіл)

Кесте [13, 14, 15] дереккөздер негізінде құрылды.

2 және 3-кестелерде берілген қазақ және қытай тілдеріндегі «ақ» және «қара» түс компоненттері бар фразеологизмдердің толық эквивалентті және жартылай эквивалентті түрлері топтастырылды. Зерттеу нәтижесінде туыс емес қазақ және қытай тілдеріндегі түр-түс компонентті фразеологизмдер тән универсалийлер анықталды. Бұл құбылыс адам ойлауының универсалды сипатына байланысты түсіндіріледі.


1-диаграмма. Қазақ және қытай фразеологизмдеріндегі «қара» түстің лингвомәдени сипатының талдау нәтижесі

Қара түс



2-диаграмма. Қазақ және қытай фразеологизмдеріндегі «ақ» түстің лингвомәдени сипатының талдау нәтижесі

Ақ түс



Берілген екі диаграммадағы статистикалық мәліметтер қазақ және қытай тілдеріндегі «қара» және «ақ» түс компоненті бар фразеологизмдерді бағалауыштық (аксиологиялық) принцип негізінде топтастыру арқылы алынған. Зерттеу барысында әр тіл бойынша «қара» және «ақ» түс компоненті бар фразеологизмдердің жалпы саны анықталып, олар семантикалық мазмұнына сәйкес жағымды және жағымсыз мағыналық топтарға жіктелді.

Әр топтың пайыздық үлесі жалпы санға қатынасы негізінде есептеліп, 100%-ға көбейту арқылы айқындалды. Пайыздық көрсеткіш төмендегі формула бойынша анықталды:

$$P = \frac{n}{N} * 100\%$$

Қазақ тілінде «қара» түс компонентіне байланысты жағымды мағынадағы фразеологизмдердің үлесі төмен, 8,11 %, ал қытай тілінде бұл көрсеткіш 29 % құрайды. Қазақ тілінде «қара» түске қатысты жағымсыз мағынадағы фразеологизмдер барлық «қара» фразеологизмдердің 91,89 %-ын құрайды, ал қытай тілінде бұл көрсеткіш 71 % (1-диаграмма).

Қазақ тілінде «ақ» түс компонентіне қатысты жағымды мағынадағы фразеологизмдердің үлесі қытай тілімен салыстырғанда жоғары, 73,81 %, ал қытай тілінде бұл көрсеткіш 14 % құрайды. Жағымсыз мағынадағы фразеологизмдердің үлесі қытай тілінде 86 %, ал қазақ тілінде 14 % (2-диаграмма).

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада қазақ, қытай тілдеріндегі «ақ», «қара» түс компоненттері бар фразеологизмдерге лингвомәдени талдау жасалынды. «Ақ», «қара» түс компоненттері бар

қазақ және қытай фразеологизмдерінің лексика-семантикалық талдау нәтижесінде мынадай қорытындылар жасаймыз:

1) тарихи талдау фразеологизмдерде жасырылған этномәдени ақпаратты айқындауға ықпал етеді;

2) қазақ және қытай фразеологизмдері ұлттық концептосфераның ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді;

3) фразеологизмдерді салыстырмалы талдау арқылы халықтардың дүниетанымын салыстырмалы зерттеуге мүмкіндік туады;

4) семантикалық универсалийлер туыс емес тілдерде де бар. Туыс емес тілдердегі универсалийлердің болуы – адам ойлауының универсалды сипатына, адамзат өркениетінің біртұтас даму процесіне байланысты болуы мүмкін.

Тіл — мәдениеттің айнасы және белгілі бір ұлттың мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін құрал. Қазақ және қытай мәдениеттерінің жинақталған тәжірибесі түстердің мәдени мағынасын айқындайды.

Түс ұғымы уақыт өте келе мағыналық өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгерістер фразеологиялық бірліктерде көрініс тауып, қоғамдағы тарихи-әлеуметтік және мәдени үдерістермен тығыз байланысты. Түсті қабылдау мен оның символдық мәні қоғам құндылықтарының эволюциясына сәйкес өзгереді. Қазақ, қытай фразеологиялық бірліктердің құрамындағы түр-түс белгілері екі халықтың дүниетанымына тән белгілерді көрсететін ерекше фразеологиялық семантикалық өрісті құрайды.

Бұл зерттеу бірнеше сала үшін маңызды. Аударматануда түске байланысты мәдени-спецификалық материалдарды ескерудің маңыздылығы бар, оларды елемей мағынаның бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Тіл оқыту саласында қытай тіліндегі түс компоненті бар фразеологизмдерді меңгеру жоғары деңгейдегі тілдік құзіреттілік пен мәдени сауаттылыққа жетудің негізгі шарттарының бірі екенін көрсетеді. Фразеологизмдер қытай мәдениетімен байланысу үшін өте маңызды тілдік ерекшелік болып саналады. Алайда, фразеологизмдерді оқыту саласында жалпы жүйелі оқыту жетіспейді. Сонымен қатар, тілді үйренушілер фразеологизмдердің мағыналық және прагматикалық ерекшеліктерін толық меңгере бермейді, соның салдарынан оларды коммуникативтік жағдаятқа сай қолданбау жағдайлары кездеседі. Бұл коммуникация барысында түсінбеушілікке әкелуі мүмкін.

Түс атауларын білдіретін сөздердің қолданысы тілде өте икемді әрі көпқырлы сипатқа ие. Олардың мағыналық қызметі нақты контекстке, сөйлеушінің эмоциялық күйіне және мәдени-танымдық негізге тікелей байланысты. Түстер арқылы тек заттық белгілер ғана емес, сонымен қатар бағалау, сезім және символдық мәндер де беріледі.

Түс компоненті бар тілдік бірліктерді терең зерттеу белгілі бір мәдени ортада түстердің қалай қабылданатынын, қандай мағыналық жүк арқалайтынын және олардың эмоциялық реңкті жеткізудегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай талдау әртүрлі мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды түсінуге жағдай жасап, мәдениетаралық қарым-қатынаста туындауы мүмкін түсінбеушіліктердің алдын алуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, түс атаулары ұлттық дүниетаным мен мәдени сананың маңызды көрсеткіші болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Sapir E. Language: An Introduction to the Study of Speech. — New York : Harcourt, Brace, 1921. — 148 p.
- 2 Palmer L. R. An Introduction to Modern Linguistics. — London : Macmillan, 1936. — 216 p.
- 3 Fraser B. Idioms within a transformational grammar // Foundations of Language. — 1970. — Vol. 6, No. 1. — P. 22–42.

- 4 Gibbs R. W. The Poetics of Mind: Figurative Thought, Language, and Understanding. — Cambridge : Cambridge University Press, 1994. — 548 p.
- 5 Yu N. The Chinese HEART in a Cognitive Perspective: Culture and Conceptualization. — Berlin : Mouton de Gruyter, 2009. — 320 p.
- 6 高瑋伶. 具顏色詞之成語華語教學設計與實踐 . Instructional Design and Implementation of Chinese Idioms about Color for CSL : Master's thesis. — Tabay, 2023. — 153 p.
- 7 Кононов А. Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. — М. : Наука, 1978. — 367 с.
- 8 Кононов А. Н. О семантике слов ак и кара в тюркской географической терминологии // Советская тюркология. — 1975. — № 4. — С. 45–53.
- 9 Аитова Н. Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы : филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты— Алматы, 2005. — 27 б.
- 10 Жарқынбекова Ш. К. Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках : дис. канд. филол. наук. — Алматы, 2003. — 49 с.
- 11 Нью Юйфэн. Структурно-семантические особенности фразеологических единиц с компонентом «цвет» в китайском и английском языках : дис. канд. филол. наук. — Белгород : НИУ «БелГУ», 2020. — 212 с.
- 12 Базыма Б. А. Психология цвета: теория и практика. — СПб. : Речь, 2005. — 205 с.
- 13 Мәсімханұлы Д., Абиденқызы А. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. — Алматы : Эксклюзив КА, 2017. — 1032 б.
- 14 Абдурақын Н. Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі. — Алматы : Қазақ университеті, 2012. — 178 б.
- 15 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы : Ғылым, 1977. — 712 б.

Материал 28.12.2025 баспаға түсті

Лингвокультурологический характер цветов «белый», «черный» в фразеологизмах казахского и китайского языков

М.С. Алшынбекова, Б. Жылқыбекұлы, Төкенқызы Гүлназ

Язык является зеркалом национальной культуры, он отражает духовный мир, сущность и культурное содержание народа. Через язык можно глубже познать обычаи и традиции, образ жизни, особенности мышления и другие культурные ценности нации.

Язык — неотъемлемая часть культуры и основной инструмент передачи культурной информации из поколения в поколение. В этом контексте фразеологизмы особенно наглядно отражают культурную специфику определённого народа. Фразеологизмы являются продуктом культуры, обладающим ярко выраженным национальным колоритом. На процесс их формирования напрямую влияют национальный дух, гуманистические ценности и языковые особенности.

Названия цветов также относятся к числу важнейших средств, отражающих национальную культуру. Они тесно связаны с мифологическими представлениями и мировоззрением предков. Во многих случаях цветообозначения употребляются в переносном значении, что наглядно прослеживается в художественных текстах, фразеологизмах, пословицах и поговорах.

Цветообозначения раскрывают богатство и художественные возможности казахского и китайского языков. Поэтому в современном языкознании изучение употребления цветообозначений и их лингвокультурного аспекта по-прежнему остаётся актуальным.

В данной статье, опираясь на труды отечественных и зарубежных исследователей по данной проблематике, определены теоретическая значимость темы, а также цели и задачи

исследования. Проведён сравнительный анализ цветовой символики казахского и китайского народов, в частности рассмотрены различия, сходства, особенности и свойства цветковых представлений двух культур. Кроме того, были собраны фразеологические единицы казахского и китайского языков с компонентами «белый» и «чёрный», которые классифицированы по фразеосемантическим группам, а также сгруппированы по признаку полной и частичной эквивалентности. В ходе сбора исследовательского материала было отобрано всего 177 фразеологических единиц.

Фразеологизмы китайского языка с компонентами «белый» и «чёрный» были извлечены из «Большого китайско-казахского словаря» Дукена Масимханулы и Айнұр Абиденқызы, а также из «Китайско-казахского фразеологического словаря» Н. Абдуракина. Фразеологические единицы казахского языка с компонентами «белый» и «чёрный» отобраны из «Фразеологического словаря казахского языка» Исмета Кенесбаева.

Ключевые слова: фразеологизмы, белый цвет, чёрный цвет, лингвокультурология, мировоззрение.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Sapir E. Language: An Introduction to the Study of Speech. — New York : Harcourt, Brace, 1921. — 148 p.
- 2 Palmer L. R. An Introduction to Modern Linguistics. — London : Macmillan, 1936. — 216 p.
- 3 Fraser B. Idioms within a transformational grammar // Foundations of Language. — 1970. — Vol. 6, No. 1. — P. 22–42.
- 4 Gibbs R. W. The Poetics of Mind: Figurative Thought, Language, and Understanding. — Cambridge : Cambridge University Press, 1994. — 548 p.
- 5 Yu N. The Chinese HEART in a Cognitive Perspective: Culture and Conceptualization. — Berlin : Mouton de Gruyter, 2009. — 320 p.
- 6 高瑋伶. 具顏色詞之成語華語教學設計與實踐 . Instructional Design and Implementation of Chinese Idioms about Color for CSL : Master's thesis. — Tabay, 2023. — 153 p.
- 7 Кононов А. Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. — М. : Наука, 1978. — 367 с.
- 8 Кононов А. Н. О семантике слов ак и кара в тюркской географической терминологии // Советская тюркология. — 1975. — № 4. — С. 45–53.
- 9 Аитова Н. Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы : филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты— Алматы, 2005. — 27 б.
- 10 Жарқынбекова Ш. К. Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках : дис. канд. филол. наук. — Алматы, 2003. — 49 с.
- 11 Нью Юйфэн. Структурно-семантические особенности фразеологических единиц с компонентом «цвет» в китайском и английском языках : дис. канд. филол. наук. — Белгород : НИУ «БелГУ», 2020. — 212 с.
- 12 Базыма Б. А. Психология цвета: теория и практика. — СПб. : Речь, 2005. — 205 с.
- 13 Мәсімханұлы Д., Абиденқызы А. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. — Алматы : Эксклюзив КА, 2017. — 1032 б.
- 14 Абдурақын Н. Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі. — Алматы : Қазақ университеті, 2012. — 178 б.
- 15 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы : Ғылым, 1977. — 712 б.

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

Linguoculturological character of the colors "white", "black" in the phraseological units of the kazakh and chinese languages

M. Alshynbekova, B. Zhylybekuly, Gulnaz Tokenkyzy

Language serves as a reflection of national culture, conveying the spiritual values, identity, and cultural heritage of a people. Through language, it is possible to gain insight into a nation's customs, traditions, worldview, and patterns of thinking. As an integral component of culture, language functions as the primary means of transmitting cultural knowledge from one generation to another. In this regard, phraseological units vividly reflect the cultural specificity of a particular nation, as they are characterized by strong national coloring and are shaped by cultural values, linguistic traditions, and historical experience.

Color terms represent one of the most significant means of expressing national culture and are closely associated with traditional worldviews and mythological perceptions. The present study aims to examine the linguocultural features of the color terms "white" and "black" in Kazakh and Chinese phraseology. A comparative analysis of color symbolism in Kazakh and Chinese cultures was conducted to identify similarities, differences, distinctive features, and semantic properties of these colors in the two linguistic traditions. The research material consisted of 177 phraseological units containing the color components "white" and "black", which were classified into phraseosemantic groups, including fully equivalent and partially equivalent phraseological units. Chinese phraseological units were selected from the Large Chinese–Kazakh Dictionary compiled by Duken Mäsimkhanuly and A. Abidenkyzy, as well as from N. Abdurakyn's Chinese–Kazakh Phraseological Dictionary. Kazakh phraseological units were extracted from Ismet Kenesbayev's Phraseological Dictionary of the Kazakh Language. The findings demonstrate that color terms possess rich linguocultural potential and reflect both universal and culture-specific features of linguistic worldviews. The study contributes to a deeper understanding of color symbolism in Kazakh and Chinese cultures and highlights the importance of phraseological units as carriers of cultural knowledge.

Key words: phraseological units, white color, black color, linguoculturology, worldview.

REFERENCES

- 1 Sapir E. *Language: An Introduction to the Study of Speech*. — New York : Harcourt, Brace, 1921. — 148 p.
- 2 Palmer L. R. *An Introduction to Modern Linguistics*. — London : Macmillan, 1936. — 216 p.
- 3 Fraser B. *Idioms within a transformational grammar* // *Foundations of Language*. — 1970. — Vol. 6, No. 1. — P. 22–42.
- 4 Gibbs R. W. *The Poetics of Mind: Figurative Thought, Language, and Understanding*. — Cambridge : Cambridge University Press, 1994. — 548 p.
- 5 Yu N. *The Chinese HEART in a Cognitive Perspective: Culture and Conceptualization*. — Berlin : Mouton de Gruyter, 2009. — 320 p.
- 6 高瑋伶. 具顏色詞之成語華語教學設計與實踐 . *Instructional Design and Implementation of Chinese Idioms about Color for CSL : Master's thesis*. — Tabay, 2023. — 153 p.
- 7 Kononov A. N. *Semantika tsветоoboznacheniy v tyurkskikh yazykakh*. — M. : Nauka, 1978. — 367 s.
- 8 Kononov A. N. *O semantike slov ak i kara v tyurkskoy geograficheskoy terminologii* // *Sovetskaya tyurkologiya*. — 1975. — No. 4. — S. 45–53.
- 9 Aitova N. N. *Qazaq tilindegi tür-tüs ataularynyñ kognitivtik semantikasy : filol. ğyl. kand. ğılımı дәrejesin alu üşin daiyndalğan dissertacianyñ avtoreferaty*. — Almaty, 2005. — 27 b.
- 10 Zharkynbekova Sh. K. *Yazykovaya kontseptualizatsiya tsveta v kazakhskom i russkom yazykakh : dis. kand. filol. nauk*. — Almaty, 2003. — 49 s.

- 11 Nyu Yuyfen. Strukturno-semanticheckie osobennosti frazeologicheskikh edinit s komponentom “tsvet” v kitayskom i angliyskom yazykakh : dis. kand. filol. nauk. — Belgorod : NIU “BelGU”, 2020. — 212 s.
- 12 Bazyma B. A. Psikhologiya tsveta: teoriya i praktika. — SPb. : Rech', 2005. — 205 s.
- 13 Mäsımkanuly D., Abidenqyzy A. Qytaysha-qazaqsha ülken sözdik. — Almaty : Eksklyuziv KA, 2017. — 1032 b.
- 14 Abdurakyn N. Qytay-qazaq frazeologiyalyq sözdigi. — Almaty : Qazaq universiteti, 2012. — 178 b.
- 15 Keñesbaev I. K. Qazaq tiliniñ frazeologiyalyq sözdigi. — Almaty : Gylym, 1977. — 712 b.

Received: 28.12.2025

МРНТИ 16.21. 45

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp53-68](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp53-68)

А.А. Баяхметова¹, О.В. Коваль¹, А. Алтыбаева¹

¹Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, 110000, Республика Казахстан

ЧЕРЕДОВАНИЕ КАК МОРФОНОЛОГИЧЕСКОЕ ЯВЛЕНИЕ ПРИ ОБРАЗОВАНИИ ДЕРИВАТОВ С СУФФИКСАМИ -ИК, -НИК В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Словообразование современного русского языка, как один из значимых разделов языкознания, не утрачивает внимания в рассмотрении и изучении появления новых апеллятивов. Появление апеллятивов объясняется, на наш взгляд, закономерным запросом времени, в соответствии с имеющимися в языке словообразовательными моделями, ядром которых является корневая морфема. Цель настоящей статьи – исследование чередования как морфонологического процесса в ходе образования производных с суффиксами -ик, -ник. Для достижения обозначенной цели нами поставлены задачи: выявление производных с суффиксами -ик, -ник, исследование чередования в процессе образования данных апеллятивов, характеристика диминутивности в процессе словообразования исследуемых производных. Предмет статьи – дериваты с суффиксами -ик, -ник. Объект статьи – чередование в ходе образования дериватов с суффиксами -ик, -ник. Актуальность исследования обусловлена выбором предмета и объекта исследования и сводится к тому, что изучение чередования как морфонологического процесса в ходе образования производных позволит систематизировать появление дериватов. Для достижения цели и решения поставленных в статье задач были использованы методы исследования: семантический, описательный, диахронический, синхронный. В ходе исследования в рамках статьи были сделаны выводы: выявлены и исследованы чередования в процессе образования дериватов с суффиксами -ик, -ник, описаны чередования в новообразованиях с представленными суффиксами, дана краткая характеристика диминутивности в процессе словообразования исследуемых производных. Практическая значимость работы заключается в выявлении, исследовании морфонологического явления (чередование) в процессе появления дериватов с суффиксами -ик, -ник. Настоящая статья позволит выявить морфонологическое явление (чередование), участие аффиксов -ик, -ник в образовании дериватов.

Ключевые слова: производное, апеллятив, формант, суффикс, дериваты, чередование, морфонологические явления.